

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

4. European commission for democracy through law (venice commission) Strasbourg, 15 February 2016 // [https://www.venice.coe.int/webforms/documents/default.aspx?pdffile=CDL-REF\(2016\)011-e](https://www.venice.coe.int/webforms/documents/default.aspx?pdffile=CDL-REF(2016)011-e)

5. Уголовный кодекс Китайской Народной Республики принят на 5-й сессии Всекитайского собрания народных представителей шестого созыва 14 марта 1997 г. // http://ru.china-embassy.gov.cn/rus/zfhz/zgflyd/201601/t20160111_3149373.htm

6. Рекомендация Rec (2003) 22 Комитета министров Совета Европы "Об условно досрочном освобождении" Принята 24.09.2003 на 853-ем заседании Кабинета Министров (неофициальный перевод) // <https://rm.coe.int/16806f411b>

7. Рекомендация № R (92) 16 Комитета Министров Совета Европы государствам-членам «О Европейских правилах исполнения наказаний и иных мер без изоляции правонарушителей от общества» принята Комитетом Министров 19 октября 1992 г. на 482 заседании постоянных представителей министров // Түрмелердің толып кетуін болдырмау жөніндегі Еуропа Кеңесінің құжаттар жинағы. — Страсбург, 2015. — Б. 5-32.

8. Рекомендация № R (2000) 22 Комитета Министров государствам-членам «О совершенствовании Европейских правил применения общественных санкций и мер воздействия» принята Комитетом Министров 29 ноября 2000 года на 731 заседании на уровне заместителей министров // <https://rm.coe.int/e-compendium-in-azeri/16806ab9ac>

УДК 343.13

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ СУИЦИД: СЕБЕПТЕРІ МЕН АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Сұлтан Сырым Серікұлы
srymsultan21@mail.ru

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,
Заң факультетінің 3 курс студенті, Астана қаласы, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – М.Б. Муратханова*

Қазіргі таңда Қазақстанда ғана емес, жалпы әлемдегі шешімін таппай келе жатқан мәселелердің бірі – адамдардың өзін өзі өлтіруі, яғни – суицид.

Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының басты күресіп жатқан жағдай да осы мәселе. Себебі, әлемдік масштабта адам өлімі себебінде суицид екінші орын алып тұр. Бұл дегеніміз, күн сайын жер бетінде 3 мың адам өз өзіне қол жұмсап қайтыс болса, жылына 1 млн адам өз қолымен өмірлерін қиюда.

Қазақстанда әр күні 9-10 Қазақстандық өзін өзі өлтіруде. Прокуратура органдарының ресми статистикасында Қазақстандағы соңғы бес жылдағы өзін өзі өлтіру жыл сайын сол бір деңгейде өтіп жатқаны анықталған. Жылына 3,5 мыңнан 4 мыңға дейін адам өзін құрбан етсе, 4,2 – 4,8 адам аралығында осыған оқталады.

Суицид құрбандарында ер адамдар үлесі әйел адамдарға қарағанда 4 есе жоғары. Алайда осы әрекетке оқталуда әйелдердің үлесі артық, бірақ әртүрлі себеппен ол әрекеті соңына жетпей жатады.

2023 жылғы ДДСҰ рейтингінде суицид бойынша 1-ші орынды Африка аймағындағы Лесото мемлекеті алып тұр (әр 100 мың адамның 73 адамы өзіне қол жұмсайды). Ресей 8 орында, ал бұған дейін ондыққа кіріп келген Қазақстан Моңғолиядан кейінгі 19 орынға

жайғасты (әр 100 мың адамның 18 адамы суицид құрбаны). АҚШ 23, Жапония 25 орында. Құқықтық статистика Комитетінің мәлімдеуінше, бұл әрекетке барудың кең таралған факторлары жалғыздық (29%), қаржылық қиындықтар, банкроттық, қарыз (28%).

Құқықтық көзқараспен қарасақ, суицид әрекеті құқық қорғау органдары үшін және заң алдында анықталуы «қиындау» әрекет болып табылады. Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 105-бабы өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу қылмысы деп көрсетілген. Яғни, жәбірленушіні қорқыту, оған қатыгездікпен қарау немесе оның адами қадір-қасиетін үнемі қорлау арқылы адамды өзін-өзі өлтіруге дейін немесе өзін-өзі өлтіруге баруға дейін жеткізу – үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Және бұл баптың 1-бөлігінде өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізудің немесе өзін-өзі өлтіруге оқталуға дейін жеткізудің үш тәсілі қарастырылады:

- а) жәбірленушіні қорқыту;
- б) жәбірленушіге қатыгездікпен қарау;
- в) жәбірленушінің адамдық қасиетін үнемі кемсіту (ҚК-те қорлау делінген).

Қорқыту алуан түрлі сипатта (мысалы, жәбірленушінің жеке өмірінің оны масқаралайтын деректерін жариялаумен, таратумен, жәбірленушіні өмірін қиюмен және т.с.с.) болуы мүмкін. Жәбірленушіге қатыгездікпен қарау – бұл оған тән азабын тарттыру, мысалы, аштықпен, ұрып-соғумен және т.с.с. әрекеттермен қинау. Жәбірленушінің адамдық қасиетін жүйелі кемсіту оны үнемі қорлау, оны мазақтау, ол туралы жалған, масқаралайтын өсектерді тарату түрінде көрінеді.

ҚР Жоғарғы Сотының «Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» нормативтік қаулысында бұл қылмыс құрамы жөнінде біршама түсініктер берілген. ҚК-нің 105-бабының диспозициясына сәйкес қорқытудың, адамдық қасиетін ұдайы кемсідудің, қатыгездікпен қараудың, кінәлінің жәбірленушіні қудалау немесе қорлаудың, кінәлінің осы әрекеттері және жәбірленушінің өзін-өзі өлтіруі арасындағы себепті байланыстың бар-жоғы өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізгені үшін жауапкерліктің міндетті шарты болып табылады. Бұл ретте, егер жәбірленуші кінәлі адамға материалдық немесе өзге де тәуелділікте болған болса, әрекет ҚК-нің 105-баб.2-бөл. 1)-тармағы бойынша саралануға жатады. Бірақта, практикалық тұрғыдан кінәліні анықтау оңайға соқпайды. Өйткені суицид оқиғаларының 3/1-і не үшін жасалғаны беймәлім түрде аяқталады.

Суицидке адамдар не үшін баруы мүмкін деген сұраққа психологтар, әлеуметтанушылар, суицидологтар бірқатар себептер ұсынған.

Әлеуметтанушылар пікірінше, Қазақстан өз тәуелсіздігін алған уақытта кризистің, девальвацияның әсері және мемлекет кірістерінің күрт нашарлауы салдарынан 1995-1997 жылдары 106 мың адам өз өмірін қиып үлгерген. Ал қазіргі таңда қаржылық жетіспеушілік, отбасылық проблемалардан бұрын тұрған себеп адамдардың өздерін жалғыз сезінулері екен.

Ал психологтар болса, суицидке «биопсихоәлеуметтік мәселе» деген анықтама ұсынады. «Бұл дегеніміз, суицид – көпқырлы, және әртүрлі факторлардың жиынтығынан құралады. Мысалы, биологиялық фактор – адам жүйкесінің жалпы жай-күйі, қаншалықты төзімді не шаршаған, бойында суицидке жол бастайтын дерттің болу-болмауын анықтаса, ал психологиялық құрамы – адамның менталды денсаулығының дәрежесін, психологиялық жағдайын анықтайды. Әлеуметтік фактор – адамды қоршаған орта, отбасы, мемлекеті, жағдайы, елде болып жатқан әртүрлі жағдайларға көзқарасынан туындайды. Осы факторлар «биопсихоәлеуметтік фактор» деп аталады. Осы факторларды анықтап, адамның суицидқа бару-бармауын болжауға болады» - деген пікірде отандық психолог (Светлана Богатырева).

Аймақтар бойынша, суицид жиі орын алатын облыстарда көш басында 2022 жыл бойынша – Алматы облысы (485 адам), Шығыс Қазақстан облысы (464 адам), Түркістан облысы (405 адам) орын алған. Суицид төмен көрсеткіш Маңғыстау, Қызылорда, Атырау облыстарында. Ал Қазақстанның әскери бөлімшелерінде барлығы – 16 суицид оқиғасы тіркелген.

Өз өзіне қол жұмсау оқиғасына алып келуші себептердің бірі деп, Қазақстанның географиялық орны мен мәдени көзқарасын қарастыруымызға болады. Қазақстан Батыстық

индивидуализм мен Шығыс өркениетінің арасында, яғни екі түрлі мәдениеттің тоғысында тұрған мемлекет. Бұдан Қазақстандықтардың бір мәселесі шығады. Не батыстық мәдениетке сай әр адам жеке индивид ретінде өзін жоғары қоя алмайды, не шығыс мәдениетіне сай отбасы құндылығы, адамдармен жоғары қарым-қатынас секілді қасиеттерді толық орындай алмайды. Қазіргі уақытта гендерлік саясат, феминизм сынды батыс идеологиясы мен Ислам дініне негізделген шығыс идеологиясы қарама-қайшылықтар туындатып отыр. Осы орайда статистикаға жүгініп, араб елдерінің, жалпы Ислам дінін дұрыс ұстанған мемлекеттерінде суицид деңгейі әлдеқайда төмен екенін байқаймыз. Әрине, барлық дін, адамның өз өмірін өзі тоқтатудың дұрыс емес екенін нұсқайды. Алайда ислам дінінде бұл мәселеге баса мән беріліп, ерекше ескертілген.

Статистика анықтағандай суицид құрбандарының жас ерекшелігін талдауда ең жиі кездесетін өмірін қиюшылар – ауылдық жердегі, жасы 35-44 шамасындағы қазақстандықтар (құрбандардың 3/2-сі) болып табылады. Психологтардың мәлімдеуінше жас мәселесінде 30-40 жастағы адамдар көбінесе психологиялық депрессияға түседі. Біздің ойымызша, ол жаста адамның өзі қай жерге дейін бара алатыны, болашағы көрініп тұрады. Және сол уақытта адам өзін танып үлгереді, өзінің әлеуетін, потенциалын. Үлкен кісілер кезінде бұйту керек еді деп өкініп жатады, сол өкініш адам жанына қатты батады. Одан асқан нәрсе жоқ. Адам өз бойында болған мүмкіндікті толық пайдаланбай, барынша қолданбай бос жіберіп алғанын түсінуден артық өкініш жоқ деп ойлаймын, өзегін өртейді ол адамның. Сондықтан адамға орта жас депрессиясына түспей тұрып, өз мамандығын, құратын отбасын, кәсібін, өмірдегі өз жолын дұрыс таңдап, бір жолға қоюға ұмтылу керек.

Одан бөлек статистика бойынша барлық жастағы адамдар сенбі және жексенбі күндері өзіне ең көп қол жұмсайды. Бұл дегеніміз – яғни, сыныптастары, группаластары, әріптестері жоқ кезде өзімен өзі қалады, өзіндегі сұрақтарға жауап таппайды. Сөйтіп өзін өлтіруге бел буады.)

Жасөспірімдер арасындағы себептерде кең таралғаны - қоғаммен, отбасымен тіл табыса алмауы, болашаққа деген қорқыныш, ҰБТ және тағы басқа жауапты кезеңдердегі сәтсіздіктер, және жауапсыз махаббат. 2022 жылы өз өмірін қиған 63 жасөспірім толыққанды отбасынан, 15 жасөспірім толық емес, жартылай отбасынан, 1 жасөспірім ата-анасының қамқорлығынсыз қалған. Бұдан ата-ананың бар-жоғы суицидке баруда онша рөл ойнамайды деген қорытындыға келеміз. Тек сол адамдармен, жасөспірім арасындағы қарым-қатынас маңыздырақ.

Орта жастағылар суицид себебі – өзін қоғамнан алшақ сезіну, жалғыздық, жұмыссыздық, отбасылық конфликтілер, ажырасу, қаржылық қиындықтар, кредит, ауыр дертке шалдығу, психикалық, алкогольдік, наркотикалық тәуелділік, көзге шөп салу. Алкогольдік масаң күйде 409 адам өзіне қол салған. Орта жастағы ерлерге тән себеп отбасын асырай алмай жұмыссыз қалса, осы кезеңде үлкен дағдарысқа ұшырайды. Ол өз кезегінде ер адаммен отбасының, тұрақтылық пен қауіпсіздікке деген үмітін жоққа шығарады. Ер адамның тұлғалық қасиетін жоғалтып қана қоймай, жұмыспен шұғылдану мен отбасын қамтамасыз ету сияқты өзіне қойылатын екі негізгі талапты орындай алмай, орта өмірдегі жұмыссыздықты екі есе ауыр сезінуі мүмкін.

Егде жастағы адамдарға тән себептер - өкініш, отбасының және балаларының болмауы, болған күнде де дұрыс қарым-қатынас жасай алмауы, денсаулығының бұзылуы, т.б.

Суицид жасау тәсілдері әртүрлі, оның ішінде көп кездесетіні жіпке асылу (1679 адам), биіктіктен секіру (111 адам), дәрілерді көп мөлшерде ішу мен тамырын кесу (96 адам), 26 адам атыс қаруынан өз өмірін қиған (2022 жыл бойынша).

Суицидтің алдын алу шаралары. Әлемдік статистика сүйеніп және Қазақстандағы жағдайды басшылыққа ала отырып келесідей қорытындыға келеміз:

Суицид қазіргі таңда адамдардың ішкі бостығынан (внутренняя пустота), әрі материалдық жетіспеушіктен орын алып жатыр. Бұл дегеніміз, адам материалдық жағымен қоса рухани жағынан кедей болса, суицидке бару қаупі жоғары деген сөз. Әлемдік

статистика Африка елдерімен, Батыс елдері көш бастап тұр. Бір жыныстылық, гомосексуализм, ЛГБТ, феминизм сынды әртүрлі гендерлік саясатты қолдаушы мелекеттерде суицид көрсеткіші жоғары. Жасөспірімдер арасында толыққанды отбасында өскен балалардың, толық емес отбасында өскен балаларға қарағанда суицид жасау дәрежесі әлдеқайда жоғары. Демек, балаға ата-ананың өзінен бұрын беретін тәрбиесі, бойына сіңіретін құндылығы бірінші орында тұр. Әртүрлі сайттардан әртүрлі тапсырма орындап жүрген баланың өзіне қол салу қауіптілігі, психикалық күйзеліске ұшырау қауіптілігі айтпасақта түсінікті. Сондықтан о бастан дұрыс жол көрсетіп, мектеп кезінде профориентация яғни, қай кәсіпке бейімділігін анықтап, қай жұмыспен айналысқан ұнайтынын анықтап сол бағытта қажетті шаралар қабылдау қажет. Жастайынан дұрыс тәрбие, отбасы институтын, туыстармен дұрыс қарым-қатынас құруды көріп өскен, физикалық және психикалық жақсы жетілген жасөспірім орта жас депрессиясы, т.б. қиыншылықтарды оңай еңсереді. Және қоғамдағы өз орнын тез табады.

Орта жастағы адамдардың рухани кедейлігі, материалдық кедейлігі басты себеп болғандықтан, өзінің жеке дамуына көңіл бөлген абзал. Адамзат тарихында қазіргідей баршылық болмаған. Ақылмен жұмыс жасағанның, екі қол, екі аяғымен еңбек еткеннің аш қалмасы анық. Қазіргі таңда бір емес, бірнеше кәсіп меңгеруге болады. Ал рухани бостықты - дін арқылы толтыруға болады. Әр дінде суицидтің ауыр күнә екені айтылады, және соған байланысты кей елдерде суицид көрсеткіші төмен. Отбасылық конфликтіні де сабырмен, шиеленістірмей шешуге болады, алайда қазіргі отау құрып жатқан жастардың 3\1-і ажырасуда. Ажырасқан жастардың жартысынан көбі мәселенің шешімін суицидтан іздеп жатады. Тағы бір мәселе, қазіргі таңда интернет арқылы, әлеуметтік желі арқылы әртүрлі оқиғаларды көру оңай. Олардың арасында адам өлімі, табиғи апаттардан адам шығыны, суицид сынды жантүршігерлік ақпаратқа адам бойы үйренісіп кетті. Суицидтің бір шеті осында жатыр, себебі сол нәрсені есту оңай болғанда, көру оңай болғанда, соны істеу де қиындық тудырмайды. Мұндағы басты проблема «барлық проблеманың шешімі – суицид» деп қабылдауында.

Егде жастағы адамдар көбінесе бала-шағасынан жылу көрмей, жұбайынан, қатарластарынан айырылып, жалғыздықты сезінеді. Кей адамдардың өткен өміріне өкініші басым болып тұрады. Себебі кезінде у-шүмен өмірінің маңызды кезеңдерін өткізіп алған. Дұрыс ұрпақ өсіре алмаған. Осы мәселеде ойланбаған. Егде жас депрессиясына түспей тұрып, орта жаста қамданған абзал.

Қорыта келе қазіргі таңдағы суицид - Қазақстанда ғана емес дүниежүзінде маңызды мәселе екенін байқадық. Жәбірленушіні қорқыту, қатыгездікпен қарау, адами қадір-қасиетін үнемі қорлау арқылы өзін-өзі өлтіруге жеткізуден басқа жағдайларда, бұл қадамға адам өз еркімен барады. Және мәселенің түбірі – осы. Әрбір азаматтың заңға деген сенімі, өзіне кез-келген қысым жасалуға болмайтындығы басты назарда болуға тиіс. Құқық қорғау органдарына тіркелген әрбір, қорқыту, қорлау, денсаулыққа қасақана зиян келтірудің арты суицидқа ұласып кетпеу үшін, осы айтылған қылмыстық құқықбұзушылықтарға санкцияны жеткілікті түрде тағайындау сот билігінің алдында тұрған үлкен жауапкершіліктің бірі болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы N 1 Нормативтік қаулысы.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ.
3. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Ерекше бөлім. 1-том (1-10 тараулар): Жоғарғы оқу орындарына арналған оқулық. Жауапты редакторлар – Қ.Ж. Балтабаев, А.Ә. Биебаева. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ҰЕУ баспасы, 2021

4. Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымы рейтингісі: суицид көрсеткіші бойынша 2023 ж.
5. Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасы құқық қорғау комитетінің рейтингісі: суицид көрсеткіші бойынша 2023 ж.
6. Отчет Детского фонда ООН (ЮНИСЕФ) 2014 г.

УДК 343.2

ТЕРРОРИСТІК ЖӘНЕ ЭКСТРЕМИСТІК БАҒЫТТАҒЫ ҚЫЛМЫСТАРҒА ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ӘРЕКЕТ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сағынбаева Ақбота Есболқызы

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, заң факультеті 2 курс, «Құқықтану» мамандығының
студенті, Астана, Қазақстан
Ғылым жетекшісі – М.Б. Муратханова*

Бүгінде әлемнің көптеген елдері үшін экстремизм мен терроризммен күрес мәселесі аса өзекті болып отыр. Терроризм — қылышынан қаны тамып тұрған зұлмат. Терроризм барлық түрлері және көріністерімен, ауқымы және қарқындылығымен, зұлымдығымен қазіргі заманның ең өткір мәселесіне айналды. Терроризм» сөзі — араб тілінде «ирхаб», яғни «қорқыту, үркіту» деген мағынаны білдіреді. Терроризм өз нысанасы ретінде бейкүнә адамдарды таңдап, ананы — баладан, ал баланы анадан айырып, қасіретті, жетім етеді. Бүгінгі таңда халықаралық терроризм және діни экстремизм асыл дініміз — исламға да залалын тигізіп отырғаны өкінішті.

Лаңкестік әрекеттер ауқатты, дамыған елдерде де, жағдайы төмен кедей елдерде де орын алып отыр. Терроризмнің өріс алуы кез келген елдің әлеуметтік жағдайына қатысты емес, дінмен де үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Ол — жауыздық індеті. Бұл жұқпалы «вирустан» аман қалған мемлекет жоқ. Барлық араб және Африка елдері, Азия құрлығы, Ресей, АҚШ, Англия, Франция, Испания, Норвегия, тағы басқа мемлекеттер терроризммен бетпе-бет келіп, зардап шегіп отыр. Сол вирус Қазақстанды да шет айналып өтпеді. Біздің елде қарулы террористік астыртынның пайда болуы және оның белсенді түрде күшеюіне Ақтөбе, Алматы, Атырау, Маңғыстау облыстарында болған және адамдардың өлімімен аяқталған бірқатар террористік актілер дәлел бола алады. Қайғылы оқиғалар түрлі экстремистік ұйымдар қызметінің жаһандануы біздің бейбітшілікті сүйетін елімізде де байқалатынын көрсетті. Бұған дәлел 2011 жылы Жамбыл облысы Тараз қаласында болған террорлық оқиға кезінде терроризм құрбаны болған Ғазиз Байтасов, өз өмірін қиып адамдарға граната лақтырмақ болған кезде террористті денесімен жауып қалады. Қазіргі таңда Тараз қаласында халық қахарманы атанған Ғазиз Байтасовтың құрметіне арнап тұрғызылған ескерткіш те бар. Қаншама қан төгіліп, қанша отбасына қара жамылдырған 2022 жылғы Қаңтар оқиғасында экстремистік ұйымның тікелей қатысы болғандығын атап өтпеске болмас. Осы жағдайға байланысты президентіміз Тоқаев “ Пюрализмдық пікірді сақтай отырып, біз радикализмнің, экстремизмнің және сепаратизмнің кез келген көріністеріне қатаң қарсы тұруымыз керек. Біздің қоғамды жару әрекеттері заңның барлық қатандығымен тоқтатылады”, - деді президент. Аталмыш қанды оқиға Маңғыстау облысынан бастау алып, Алматы, Талдықорған, Тараз, Шымкент, Қызылорда, Ақтау, Атырау қалаларында террорлық іс әрекет ушығып кетті. Бұл оқиғаның ушығуына тікелей діни экстремизм мен терроризм түрткі болды. Соның салдарынан Қазақстанның экономикасы мен саясатына ауыр зардаптар